

**УДК 378
ББК 74.58
S81**

Редакционная коллегия

Шакирова С.М. - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке
Сапаргалиев Д.Б. – PhD, зам. директора Управления по науке
Никифорова Н.В. - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

i – START. Предпринимательство: энергия молодых.

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

ISBN: 978-601-7021-36-8

**УДК 378
ББК 74.58
S81**

ISBN: 978-601-7021-36-8

СӘЗДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ МАҒЫНАЛАРЫН АЙҚЫНДАУДАҒЫ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

Сәздердің эмоционалды-экспрессивті мағынада қолданылуы - кез келген тілдің табиғатына тән құбылыс. Сөйлеушілердің, сұхбаттасуышылардың лексиконында әдеттегі қаратпа сөз, атауыш сөз ретінде жиі кездесетін, бірақ қолданыс ыңғайына, контекске, дауыс ырғағына қарай неше алуан құбылып, сөйлеушінің сол сәттегі жан дүниесін, ішкі тебіренісін, әр түрлі сезім күйін білдіретін, сол арқылы ерекше әсер ететін сәздер тілде психологиялық фактор тудырады және олар мағыналық, тұлғалық, этнолингвистикалық, т.б. ерекшеліктерімен көзге түседі. Бұлардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Басқаша айтқанда, сәздерді қолданушының дауыс ырғағы да, оның қандай жағдайда айтылуы да, басқалардың қабылдауы да – бәрі де, сайып келгендеге, сәздің эмоционалды-экспрессивті мәнін, мағына астарын, нақыш бояуын дұрыс аңғартуға байланысты. Мәселен, ғашық жігіт сүйген қызына «жаным, құнім..!» – деп өзінің бойын билеген жүрек сезімін білдіріп, күйіп-жанып жатқанда, бикеш оның бұл сәздерінің мәнін толық түсіне алмаса, не болар еді? Бұл, әрине этнолингвистикалық құбылысқа қатысты жағы.

Адамдар арасындағы қатынас, өзара түсінісу, пікірлесу, содан эстетикалық ләззат алу, көрініше бір-бірімен өзара ренжісу т.т. – барлық жағдайда олардың тікелей жүздесуі, көрісуі, сөйлесуі арқылы бола бермейді. Өркениетті өмір салтында бұл процестер адамдар арасында бірде хат арқылы, бірде көпшілік мұлкіне айналған ауыз әдебиеттің үлгілері мен көркем шығармалар арқылы да қабылдана береді. Мәселен, адамдар арасындағы қатынастарда вербалды түрде жиі қолданылатын сәздердің эмоционалды-экспрессивті мағыналары мен мағыналық реңктері, бояуы, дауыс ырғағы, оған қосымша жазба тілде, яғни атапмыш ауыз әдебиеттің үлгілері мен көркем шығармаларда, ақын-жазушы тарапынан қанша шебер суреттеле де, сөз өрнегімен бейнеленсе де, оларға тән адамдық психологиялық факторды жан дүние тебіренісін, дауыс ырғағын, ым-шара, қымыл-әрекеттерін көркем сөз күшімен оқырманның көз алдына елестете, дәл етіп суреттеу қыынның қыныны, ол, әрине, ақын-жазушының шеберлігіне байланысты іс.

Міне, осы орайда, сәздерге тән эмоционалды-экспрессивті мағына-реңктердің жазба тілдегі сыр-сипатын айқындаі түсідің мәні зор. Өйткені, шығарманың көркемдігі, автордың тіл-стильдік шеберлігі, оқырмандар мен кейіпкерлер арасында болатын қатынасты терең түсіну – осының бәрі де осы тұста тоқайласып, күрделі бір сезім, таным дүниесіне айналатын тәрізді.

Бір мысал келтірейік. Қазақ халқының көрнекті жазушысы Шерхан Мұртаза «халық жауы» ретінде сотталағып, түрмеде жатқан әкесі Мұртазамен соңғы рет кездесіп қалу сәтіндегі өзінің сәби жүргегіндегі сезімін былай деп бейнелейді:

«Қүзетші айтқан есікке сүрініп-қабынып әрең жеттім. Жеттім де күнге қурап, жігі ашылып кеткен тақтай саңылауына бетімді төсей «Көке!» – дедім кемсендеп. Сол сәтте: «Мұртаза, бұл - сенің балаң. Тез бері кел!» – деп, күбірлескен дауыстар естілді ар жатқан. Сөйткенше болған жоқ, әкемнің де үнін құлағым шалып қалды, «Айналайын!» – деді ол кісі даусы жарықшақтанып – Айналайын! Мен сені көріп тұрмын. Жылама. Шешен екеуің келдің бе?»

- Иә, көке...
- Сен енді бұл жерде көп тұрма, қарағым, - деді әкем ар жақтан бірденені сезгендей,
- Мә, мынаны ал да кері қайт. Бол, жарығым, тездет...

Міне, осы бір қысқа көріністен біз нені аңғарамыз, онда қолданылған айналайын, қарағым, жарығым, көке тәрізді сәздердің атқарып тұрған қызметі, арқалап тұрған мағыналық жүгі қандай? Бұл суреттеген көріністі түрмеде жатқан әке мен сағынып, бір көруге зар болып келген жас баланың арасында болған қысқа ғана диалогта атапмыш тәрт эмоционалды-экспрессивті сәздердің әрқайсысы өзі атқарып тұрған қызметі мен аңғартып тұрған мағынасы бар. Әсіресе, екі рет қайталанған «айналайын» сезінің мәні мен кейіпкерлерге еткен әсері ерекше көңіл аударады. Замана тауқыметінен зардал шегіп, бір-бірінен жуда болған әке мен баланың сағынып кездесу, қоштасу сәттеріндегі әлем-таптырық болған жан дүниесі, зар-мұн, араласқан жүрек сезімі, сағыныш пен қимастық, үміт пен үрей қат-қабат араласып, күрделене түскен эмоцияның сипатын автор Мұртазаның «айналайын!» деген сәздерді екі рет қайталап айтқан сәттегі дауысы арқылы, яғни «дауысының жарықшақтанып» шығуы арқылы суреттеп отыр...

Дәл осындағы психологиялық ситуацияда ол дауыс дірілдеп те, үзіліп те, булығып та, еңіреп те шығуы мүмкін той. Автор бұл тәрізді адам басындағы драматизмді «айналайынды» айтудағы дауыстың «жарықшақтанып шығуы» /дірілдеп барып, үзіліп, қайта жалғасуы/ арқылы тілге тән интонациялық факторды ескере отырып, әсерлі суреттеген. Сол арқылы шығарма кейіпкерлері Мұртаза мен оның баласы – Шерханның психологиялық/тілдік/ портреті де /бейнесі/ оқырмандардың есінде қалады десек артық айттылған емес.

Бұл айттылғандардан шығатын қорытынды: Қазақ тіліндегі әрі көп, әрі жиі қолданылатын, әрі эмоционалды-экспрессивті мағына-реңкке бай сәздердің тілдік табиғатын айқындаудың негізгі тәсілдеріне /олардың ау-

ызша және жазбаша қолданылуына байланысты/ дыбыстық /фонологиялық, интонация/, стильдік, контекстік, мағыналық /семантикалық/, дәстүрлік /этнолингвистикалық/ тұлғалық /модельдік/ факторлар жатады екен. Бұларды зерттеудің жалпы эмоционалды-экспрессивті лексиканың мағыналық табиғатын саралай түсуде мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аханов, К. Сөздің семантикалық өзгерүі. Халық мұғалімі. 1989, N5
2. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, Ғылым, 1966, 2406.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I-том. 1959, 160 б.;
4. Қайдаров, Ә. Тіл байлығы-рухани қазына. Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1991. N7, 3-10 66.